- 1.9. Шағын кредитті өтеу тәсілі: Несие берушінің кассасы арқылы - біржолғы төлеммен қолма-қол ақшалай, төлем терминалдары арқылы немесе мынадай деректемелер бойынша қолма-қол ақшасыз төлеммен: БСН 150940005022, ЖСК KZ75722S000000975767, КБЕ 15 «Kaspi Bank» АҚ, БСК CASPKZKA.
- 1.10. Шағын кредитті өтеу кезектілігі:
- 1) Шарт бойынша Несие алушының міндеттемелерін орындауды алу бойынша Несие берушінің шығындары;
  - 2) Шарттың 1.11-тармағынаа сәйкес есептелген өсімпұл;
  - 3) сыйақы бойынша берешек;
  - 4) негізгі борыш бойынша берешек.
- 1.11. Айыпақыны (өсімпұлды) есептеу тәртібі мен мөлшері: Несие алушы негізгі борыш сомасын және/немесе сыйақыны қайтаруды кешіктірген жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін берешектің жалпы сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес) пайызы мөлшерінде, бірақ берілген шағын кредит сомасының 35,1% (отыз бес ұпай бір) пайызынан аспайтын мөлшерде өсімпұл есептеледі, бұл ретте шағын кредит нысанасын қоспағанда, Шартта көзделген сыйақы мен айыпақылар (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғандағы осы Шарт бойынша Несие алушының барлық төлемдері жиынтығында Шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген шағын кредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.
- 1.12. Несие алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету: қамтамасыз етусіз.
- 1.13. Несие алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кездегі микроқаржы ұйымының қабылдайтын шаралары: өсімпұлды есептеу/өндіріп алу; Несие алушыдан Шарт бойынша барлық міндеттемелерін мерзімнен бұрын орындауын талап ету; Несие алушыны байланыс телефондары арқылы, Несие алушының ұялы телефонына, электрондық поштасына хабарламалар, Несие алушының тұрғылықты/ тіркелген жері бойынша мерзімі өткен берешектің бар екендігі туралы хат, хабарламалар жіберу арқылы хабардар ету; Несие алушының Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны туралы үшінші тұлғаларды, оның ішінде жұмыс берушіні және шағын кредит алу кезінде Несие алушы сауалнамада көрсеткен адамдарды хабардар ету; берешекті сот тәртібімен өндіріп алу; Шарт бойынша атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа жүгіну; Несие алушының келісімінсіз Шарт бойынша өзінің



берешекті өндіріп алуды үшінші тұлғаларға тапсыру; қолданыстағы заңнамада және Шартта көзделген өзге де шараларды қолдану.

1.14. Несие берушінің байланыстары: электрондық мекенжайы – info@akshamat.kz, ресми интернет ресурсы – akshamat.kz, пошта мекенжайы Шарттың 12 бөлімінде көрсетілген.

1.15. Несие берушінің өз құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға беруі: Несие алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда Несие беруші Шарт бойынша құқықтарын (талапты) үшінші тұлғаға (коллекторлық агенттікке) беруге құқылы, бұл ретте Шарт шеңберінде Несие беруші мен Несие алушының өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер өз әрекетін Несие алушы мен құқық (талап) берілген үшінші тұлға арасындағы да құқықтық қатынастарға қолданылады.

## **2. Міндеттемелерді бұзғаны үшін Шарт тараптарының жауапкершілігі**

2.1. Несие алушының міндеттемелері:

2.1.1. Шағын кредитті уақтылы қайтаруды және оны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді өтеу кестесіне сәйкес Несие берушінің кассасына қолма-қол ақша енгізу жолымен, QIWI терминалы бойынша төлеу арқылы немесе Несие берушінің шотына аудару арқылы, бірақ Шарттың 1.5-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей қамтамасыз етуге;

2.1.2. Несие алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындау қабілетіне елеулі және теріс әсер етуі мүмкін кез келген жағдайдың немесе мән-жайдың туындағаны туралы Несие берушіні дереу жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ Несие берушіге Шарттың қолданысының мерзім ішінде тұрғылықты жерінің, жұмысының, тегінің, отбасы құрамының және шағын кредит алған кездегі Шартта және сауалнамада көрсетілген Несие алушы туралы басқа да деректердің өзгергені туралы хабарлауға;

2.1.3. Несие берушінің талабы бойынша шағын кредиттің қайтарылуын бақылау үшін барлық қажетті материалдарды, сондай-ақ өзінің қаржылық, мүліктік жағдайына қатысты кез келген ақпарат пен құжаттарды және басқа да ақпаратты және осы Шартқа қатысы бар құжаттарды ұсынуға.

2.2. Несие алушы мыналарды растайды:

2.2.1. өз іс-әрекеттерінің мәнін толық түсініп, Шартты өз еркімен жасағанын;

2.2.2. Шарттың барлық талаптарын, Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін толық түсінетінін әрі әділ деп санайтынын және олармен келісетінін;

2.2.3. Шарт жасасу үшін қажетті барлық тиісті құжаттары бар екенін және оның талаптарын орындау қабілетіне ие екенін;

2.2.4. әрекет қабілеттілігі шектелмегенін, Шартты жасасу және орындау кезінде кез келген үшінші тұлғаның келісімі қажет емес;

2.2.5. Шарт Несие алушы үшін міндетті болып табылатын кез келген шарттық шектеулерге қайшы келмейді;

2.2.6. Шартқа қол қойылған күні оған қол қою және орындау үшін Несие алушының қаржылық жай-күйі мен төлем қабілеттілігіне елеулі және/немесе теріс әсер етуі мүмкін қандай да бір кедергілер және кез келген сот тергеулері (даулар), мемлекеттік бақылаушы органдар тарапынан тергеулер жоқ;

2.2.7. Несие алушының осы Шартты жасасу үшін Несие берушіге ұсынған құжаттарында және Шартты орындауға байланысты кез келген басқа да құжаттарда қандай да бір дұрыс емес немесе дәйексіз мәліметтер жоқ;

2.2.8. Шағын кредитті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін мақсаттар үшін ғана пайдаланады;

2.2.9. Несие беруші Шартты Несие алушының өтініштері негізінде жасасқанын және олардың Несие беруші үшін елеулі маңызы бар екенін мойындайды.

2.2.10. осы Шартта көзделген шағын кредит сомасын қайтару және/немесе сыйақы және/немесе айыпақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, орындау мерзімі келіп, міндеттемелерді орындамаған фактісін растайды және кінәсін мойындайды; Несие алушы осы Шартта көзделгендей, орындау мерзімі басталып, міндеттемелерін орындамаған жағдайда Несие алушының осы Шарт бойынша қабылдаған борышын орындамауына байланысты Несие берушінің негізгі борыш сомасын, сыйақы сомасын, айыпақы сомасын және Несие берушінің шеккен өзге де шығындарын даусыз тәртіппен өндіріп алу құқығымен атқарушылық жазбаны орындау үшін нотариусқа жүгіну құқығы бар екені туралы



хабардар етіледі және оны мойындайды. Несие алушы Шарттың осы тармағының ережелері Несие алушының осы Шарт бойынша Несие беруші/өндіріп алушы алдындағы борышкер ретіндегі даусыз жауапкершілігін тану туралы келісімі болып табылатынын растайды және мойындайды (бұл да дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен шағымға жауапқа теңестіріледі).

Тараптар нотариустың атқарушылық жазбасы өндіріп алушының өтініші негізінде Несие берушінің таңдауы бойынша жасалуы мүмкін деген келісімге келді:

1) тіркелген жері бойынша (Несие алушы – жеке тұлғаның заңды мекенжайы);

2) Несие алушының тұрғылықты жері бойынша ( осы Шартты жасасу кезінде Несие алушы көрсеткен жеке тұлғаның нақты мекенжайы);

3) Несие берушінің және/немесе Несие алушының тұрғылықты жеріне, орналасқан жеріне немесе тіркелген жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының кез келген нотариусының орналасқан мекенжайы бойынша.

2.3. Несие беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарт талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады.

### **3. Несие алушының құқықтары:**

3.1. шағын кредит беру қағидаларымен, шағын кредиттер беру жөніндегі микроқаржы ұйымының тарифтерімен танысуға;

3.2. алған шағын кредитті Шартта белгіленген тәртіп пен шарттар бойынша жұмсауға;

3.3. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түсетін болса, негізгі борышты және(немесе) сыйақыны айыппұл санкцияларын (өсімпұлдарды) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеуге құқылы, бұл ретте шарттың 1.6-тармағында және шағын кредитті өтеу кестесінде көрсетілген сыйақыны Несие алушы шағын кредитті пайдалану мерзіміне қарамастан Несие берушіге толық көлемде төлейді;

3.4. Шарт бойынша берілген шағын кредит сомасын Несие берушіге айыппұл санкцияларын төлемей, мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға құқылы, бұл ретте Шарттың 1.6-тармағында және шағын кредитті өтеу кестесінде көрсетілген сыйақыны Несие алушы шағын кредитті пайдалану мерзіміне қарамастан, Несие берушіге толық көлемде төлейді;

3.5. осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде МҚҰ-ға келуге және (немесе) жазбаша нысанда немесе Шартта көрсетілген тәсілмен Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің өтіп кету себептері жөнінде, кірістері және оның Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын, оның ішінде төмендегілерге байланысты өтініштер беруге:

1) сыйақы мөлшерлемесінің немесе Шарт бойынша сыйақы мәнінің кемуге қарай өзгеруіне байланысты;

2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы төлемін кейінге шегеруге байланысты;

3) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеуге байланысты;

4) шағын кредит мерзімін өзгертуге байланысты;

5) мерзімі өткен борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, Шарт бойынша айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) жоюға қатысты;

3.6. осы Шарттың 3.5-тармағына сәйкес Неие алушының өтінішіне Несие берушінің жауабын алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Несие берушіні бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге;

3.7. 26.11.2012 жылғы Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін Несие беруші Шарт бойынша құқықты (талаптарды) басқаға берген жағдайда банк омбудсманына жүгінуге;

3.8. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Несие берушіге жазбаша жүгінуге.

### **4. Несие беруші құқықтары:**

4.1. Шарттың талаптарын Несие алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;



4.2. Шарттың 1.11-тармағына сәйкес негізгі борышты және/немесе сыйақыны қайтару мерзімдері бұзылғаны үшін айыппұл санкцияларын есептеуге;

4.3. Несие алушы шағын кредитті не оның бір бөлігін қайтару және/немесе сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен артық бұзған жағдайда шағын кредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге.

4.4. негізгі борышты, сыйақыны және айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, Несие алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және Несие алушы - жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтар ұсынбаған жағдайда, Несие алушының келісімін алмай, нотариустың атқарушы жазбасы негізінде берешекті өндіріп алуға;

#### **5. Несие беруші міндеттемелері:**

5.1. Шарт жасасу кезінде Несие алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) осы Шарт бойынша Несие берушінің құқығын (талабын) үшінші тұлғаға ауыстыру шарттары туралы (талап ету құқығын басқаға беру шарты) хабардар етуге:

1) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін талап ету құқығын үшінші тұлғаға беру мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осы Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен осындай басқаға беруге байланысты Несие алушының дербес деректерінің өңделуі туралы;

2) Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен талап ету құқығын басқаға беру Шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде шағын кредитті үшінші тұлғаға өтеу бойынша одан әрі төлемдердің тағайындалуын (осы Шарт бойынша құқықтар (талап ету) қабылдаған тұлғаның атауы мен орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, айыпақының (өсімпұлдың) және төленуге жататын басқа да сомалардың мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын көрсете отырып, құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға берілгені туралы хабарлауға.

5.2. Несие алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей төмендегілер туралы хабардар етуге:

- шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың орын алғаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

- осы Шарт бойынша Несие алушының Несие берушіге жүгіну құқығы туралы;

- Несие алушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы;

5.3. Несие алушыдан Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде сол өтінішті қарауға және Несие алушыға жазбаша нысанда не Шартта көзделген тәсілмен жауап қайтаруға:

- Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келіскені туралы;

- берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстарын;

- келіспеу себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тартатыны туралы;

5.4. Несие беруші Шартта көзделген тәртіппен оның талаптарын жақсартуға қарай өзгерткен кезде Несие алушыны осы Шарттың талаптарының өзгергені туралы хабардар етуге;

5.5. осы Шартқа Тараптар қол қойған шағын кредитті өтеу кестесі қоса беруге.

5.6. Несие алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасы (мөлшері) және/немесе оларды төлеу мерзімі өзгерген кезде Несие беруші жаңа шарттарды ескере отырып, шағын кредит өтеудің жаңа кестесін жасап, Несие алушыға береді;

5.7. шағын кредитті қайтару, есептелген сыйақыны және есептелген айыпақыны (өсімпұлды) төлеу жөніндегі Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі кешіктірілген жағдайда Несие алушының өтініші бойынша Несие беруші міндетті түрде ұсынған жақсарту шарттарында Шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту жолымен төлемді кейінге шегерілуін жүзеге асырады. Бұл ретте Шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту жүзеге асырылатын жалпы мерзім күнтізбелік қырық бес күннен аспауы тиіс;

5.8. Несие алушыны Шартты алу және орындау мәселелері бойынша консультациялармен қамтамасыз етуге.



## **6. Несие берушіге арналған шектеулер:**

- 6.1. сыйақы мөлшерлемесін (оны төмендету жағдайларын қоспағанда) және/немесе өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 6.2. Шағын кредит бойынша сыйақы мен айыпақыны (өсімпұлды) қоспағанда, Несие алушыға кез келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға;
- 6.3. Несие берушіге шағын кредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Несие алушыдан шағын кредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыпақыны (өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге;
- 6.4. осы Шарт бойынша шағын кредит сомасын ұлғайтуға;
- 6.5. егер негізгі борыш пен сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, айыпақыны (өсімпұлды) өндіріп алуға;
- 6.6. кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген осы Шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдердің индекстеуін жүргізуге.

## **7. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі**

7.1. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар міндетті түрде Шартқа сілтеме жасала отырып, жазбаша түрде жасалуға және екі тараптың қолдары қойылуы тиіс.

## **8. Берешекті сотқа дейінгі реттеу тәртібі**

8.1. Осы Шарт бойынша мерзімі өткен берешек туындаған жағдайда Тараптар берешекті сотқа дейінгі реттеудің мынадай тәртібіне келіседі, ол төмендегілерді көздейді:

8.1.1. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өтіп кеткен кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей, Несие беруші Несие алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде мыналар туралы хабардар етуге міндетті:

- 1) Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;
- 2) Несие алушының Несие берушіге жүгіну құқығы туралы;
- 3) Несие алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

Бұл ретте Тараптар, егер хабарлама Несие алушыға Шарттың осы тармақшасында көрсетілген тәсілдермен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі деген келісімге келді.

Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуға байланысты белгі болған жағдайда, сондай-ақ Шарттың осы тармақшасында көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны және/немесе алынғаны расталмаған жағдайда, оның ішінде нөмірдің өзгеруіне және /немесе микрокредит алуға арналған сауалнамада көрсетілген Несие алушының ұялы телефонының ауысып кетуіне немесе өшіріліп тұруына байланысты СМС-хабарлама жеткізілмей, хабарлама қайтарылған болса, хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.

8.1.2. Несие алушы осы Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі асқан күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде осы Шартта көзделген тәсілмен осы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі өтіп кеткен себептері, кірістері және оның осы Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішпен Несие берушіге жүгінуге құқылы;

8.1.3. Несие беруші осы Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы Несие алушының өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жазбаша нысанда не осы Шартта көзделген тәсілмен берешекті реттеу бойынша өзінің ұсыныстары, келісетіні, немесе дәлелді түрде бас тартатыны туралы хабарлауға міндетті;

8.1.4. Несие беруші мына жағдайларда нотариустың атқарушы жазбасы негізінде Несие алушының келісімін алмай, негізгі борышты, сыйақыны және айыпақыны (айыппұл, өсімпұл) қоса алғандағы берешекті өндіріп алуға құқылы:

- 1) Несие алушының берешекті Тараптардың келісімі бойынша реттеу бойынша Несие берушіге жүгінбеуі және осы Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде берешек бойынша өтініш бермеуі;
- 2) Несие алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген жағдайда және Несие алушының берешек бойынша қарсылықтары ұсынылмағанда.



Бұл ретте Тараптар Несие алушының берешек бойынша өтініш бермеуі осы Шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін оның кінәсін мойындау болып табылатыны туралы келісімге келді.

## **9. Құпиялылық және ақпаратты жариялау**

9.1. Тараптар Шартқа, оның мазмұнына, Шартқа қатысты барлық ақпарат пен құжаттарға қатысты қатаң құпиялылықты сақтауға міндетті және олар Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай құпия ақпаратты екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды және/немесе жария ете алмайды.

9.2. Тараптар құпиялылық туралы бірде-бір міндеттемені бұзбай үшінші тұлғаның тарапына белгілі болып табылатын немесе жалпыға мәлім болатын, сондай-ақ заңды негізде немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың заңды талабы бойынша жария етілуге тиіс ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға міндетті емес.

9.3. Несие алушы осымен Несие берушінің Несие алушы туралы кез келген ақпаратты, оның ішінде Несие алушыдан алынған ақпаратты өзге түрде жинауына, сақтауына, пайдалануына, таратуына, алуына, оны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, кез келген үшінші тұлғаларға беруіне келіседі және сондай құқықты береді:

9.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген кредиттік бюро;

9.3.2. осы Шарт бойынша талап ету және/немесе борышты аудару құқығын басқаға беру жөніндегі шарттарды жасасу кезінде және/немесе осындай шарттар жасасу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін

9.3.3. осындай тұлғалар мен Несие беруші арасында жасалған шарттарға сәйкес олардың өз функцияларын орындауын немесе қызметтер көрсетуін қамтамасыз ету үшін Несие берушіге қызметтер көрсететін;

9.3.4. осы Шарт бойынша Несие берушінің құқығын іске асыру үшін қажетті жағдайларда, оның ішінде Шарт бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу кезінде;

9.3.5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін басқа да жағдайларда.

9.4. Несие алушы осымен Несие берушіге өзінің кез келген дербес деректерін өңдеуге, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, жинаумен, тіркеумен, жинақтаумен, сақтаумен, бейімдеумен, өзгертумен, жаңартумен, пайдаланумен және таратумен (таратумен, өткізумен, берумен), иесіздендірумен, Несие алушы туралы ақпаратты қандай да бір шектеулерсіз және кез келген мақсатта жоюмен байланысты әрекеттерге өзінің біржақты, сөзсіз қайтарып алынбайтын келісімін береді.

## **10. Дауларды шешу**

10.1. Тараптар Шарттан туындаған немесе онымен байланысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер көрсетілген Төрелік регламентіне сәйкес, бір төрешінің құрамында, Алматы қаласында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіп нормаларын сақтай отырып, "Алматының Төрелігі" ЖШС жанындағы Алматының төрелігінде шешіледі деген келісімге және ниетке келді. Бұл ретте көрсетілген төреліктің Шешімі шығарылған кезден бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып табылады және шығарылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде ерікті түрде орындалуға тиіс. Шешім ерікті орындау мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде орындалмаған жағдайда, Шешім Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлі түрде орындалуы тиіс.

## **11. Өзге шарттар**

11.1. Шарт Тараптарының келісімі бойынша шағын кредит мерзімінің соңы - Шарттың 1.5-тармағында көрсетілген күн, яғни Несие берушінің қассасы жабылғанға дейін немесе төлем терминалдарында 23 сағат 59 минут деп есептеледі.

11.2. Несие алушыға шағын кредит берілген күн - Несие алушы көрсеткен банктік шотқа қаражат жіберілген күн болып есептеледі, шағын кредитті өтеу кестесінде көрсетілген мерзімді есептеу басталған күн микрокредитті алған күннен кейінгі күн болып есептеледі, микрокредитті өтеген күн Несие берушінің қассасына ақша қаражатының қолма-қол түскен күні немесе Несие берушінің ағымдағы шотына аударылған күн болып есептеледі, бұл Несие берушінің ағымдағы шотынан үзінді көшірмемен расталады.

11.3. Микрокредит беру құпиясын құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, оның рұқсатсыз өзгеруі, үшінші тұлғалар тарапынан рұқсатсыз әрекеттерді не микрокредиттермен өзге де заңсыз (алаяқтық) әрекеттерді жүзеге асыру анықталған жағдайда, Несие беруші екі жұмыс күні ішінде осындай әрекеттердің



себептері мен салдарын жою үшін шаралар қабылдайды, сондай-ақ бұл туралы бір жұмыс күні ішінде Несие алушыға және уәкілетті органға хабарлайды.

Несие алушы енгізген қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсынымның не құқық қорғау органдары ұсынған Несие алушыны жәбірленуші деп тану туралы қаулының негізінде Несие беруші күнтізбелік үш күннен кешіктірмей:

- осы Шарт бойынша берешекті өндіріп алуды және талап-арыз жұмысын тоқтатады;
- осы Шарт бойынша берешектің болуы туралы жазбаларды жою жолымен Несие алушының кредиттік бюродағы кредиттік тарихына түзетулер енгізеді.

Құқық қорғау органдарының ұсынымы және (немесе) қаулысы және (немесе) заңды күшіне енген сот шешімі не Несие берушінің өтініші бойынша қабылданған сот үкімі болған жағдайда, Несие беруші осы Шарт бойынша Несие алушының берешегін есептен шығару туралы шешім қабылдайды.

11.4. Осы Шартты жасасуға және орындауға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде берешекті қолма-қол ақшасыз өтеуді жүзеге асыру немесе ақша қаражатын аударуды жүзеге асыратын тұлғаның тарифтеріне сәйкес төлем терминалдары арқылы төлеу кезінде болатын комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша, сондай-ақ Несие берушінің осы Шарт бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алуға қатысты шығындарды Несие алушы көтереді.

11.5. Несие алушы Несие берушіге мынадай тәсілдермен жүгінуге құқылы:

- 1) Несие берушінің кеңсесіне жазбаша өтінішпен;
- 2) пошта байланысы арқылы немесе Несие берушінің электрондық мекенжайына жіберілген жазбаша өтінішпен;
- 3) Несие берушінің ресми интернет-ресурсында көрсетілген телефон нөмірлері бойынша Несие берушінің байланыс орталығына ауызша өтініш жасай отырып.

11.6. Осы Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде, әрбір Тарап үшін бір-бірден жасалды. Барлық даналардың заңды күші бірдей. Шарттың қазақ және орыс мәтіндері арасында қайшылық болған жағдайда, орыс мәтіні басымдыққа ие болады.

## 12. Шарт тараптарының деректемелері

Несие беруші	Несие алушы
«Finbox» микроқаржылық ұйымы» ЖШС Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жамбыл к-сі, 114/85 БСН 150940005022 ЖСК KZ75722S000000975767 КБЕ 15 « Kaspi Bank» АҚ БСК CASPKZKA _____ [Т.А.Ә., уәкілетті тұлғаның лауазымын көрсету], _____ ж. № _____ сенімхат негізінде әрекет ететін [сенімхат деректемелерін көрсету] _____ (Қолтаңбасы) М.О.	Т.А.Ә: Тұратын мекенжайы: СТН ЖСН: жеке куәлігі №: _____ ж. _____ берілген Т.А.Ә. _____ (Қолтаңбасы)



## Шағын кредитті өтеу кестесі

\_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

шағын кредит беру туралы \_\_\_\_\_ №\_\_ Шартына

(күні, айы, жылы)

(шағын кредит беру туралы Шарттың қосымша келісіміне)

теңге

Төлем күні	Мерзімі үшін төлемдер			Негізгі қарыздың (берешектің) қалдығы
	Төлем сомасы	Соның ішінде		
		Сыйақы	Негізгі қарыз	
1	2	3	4	5
Шағын кредит берілу күні				
Шарттың 1.5-тармақшасына сәйкес күн				
<b>Барлығы:</b>				
<b>Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарт бойынша-сыйақының мәні):</b>				<b>___ пайыз</b>
Несие алушы таңдаған микрокредитті өтеу әдісі				_____ (аннуитеттік, сараланған немесе микроқаржы ұйымының ішкі ережелеріне сәйкес басқа әдіс)
<b>Несие беруші</b>			<b>Несие алушы</b>	
«Finbox» микроқаржылық ұйымы» ЖШС Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жамбыл к-сі, БСН 114/85 ЖСК KZ75722S000000975767 КБЕ 15 «Каспи Банк» АҚ БСК CASPKZKA _____ [Т.А.Ә., уәкілетті тұлғаның лауазымын көрсету], _____ ж. № _____ сенімхат негізінде әрекет ететін [сенімхат деректемелерін көрсету] _____ (Қолтаңбасы)			Т.А.Ә: Тұратын мекенжайы: СТН ЖСН: жеке куәлігі №: _____ ж. _____ берілген Т.А.Ә. _____ (Қолтаңбасы)	
М.О.				



